

Иман деген - алла табарака уа тағаланың шәриксиз, ғайыпсыз бірлігіне, барлығына уа әр түрлі бізге пай - ғамбарымыз салалауы ға-лайһи уәссәлләм арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын ұсынып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі - не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел - испат қыларға жараса, мұны якини иман десе керек. Екіншісі - кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық берік бо-ларға керек. Біреу өлтіре-мін деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айналып, көңілі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман тақлиди дейміз.

Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ, тақлиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қараны ақ деп, өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын. Өрнепшік білмек керек, жоғарғы жазылымыш екі түрліден басқа иман жоқ. Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде құдай тағала кеңшілігімен кешеді дағы демесін, оның үшін құдай тағаланың ғафуына яки пайғамбарымыздың шафағатына да сыймайды, мүмкін де емес. «Қылыш үстінде серт жоқ» деген, «құдай тағаланың кешпес күнәсі жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пенденің жүзі құрысын.

бақылаудан шығып кету қауіп бар, - дейді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Өкінішке қарай, кейбір аймақтарда, әсіресе, Алматыда вирус жұқтырған дәрігерлер және медицина қызметкерлері өте көп.

Жалғасы 3-ші бетте



ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ

24 сәуірде бейнеконференция режимінде өткен кездесу барысында коронавирус індетіне қарсы күрестегі стратегиялық мәселелер, сондай-ақ, ел экономикасын қалпына келтіру және дағдарыстан кейінгі кезеңде даму мәселелері қаралды.

Елбасы жаһандық қауіп-қатерлер төңірегіндегі жағдай алаңдатарлық сценарий бойынша дамып жатқанын атап өтті.

– Коронавирустың салдары әлемдік экономиканың маңызды жүйелеріне әсер етуде. Халықаралық валюта қорының сарапшылары қазіргі «Жаһандық карантинді» өткен ғасырда болған Ұлы депрессиямен салыстыруда. Олардың пікірінше, жан басына шаққандағы табыс көлемі 170 елде төмендейді. Экономикасы әлсіз елдер көбірек зардап шегетін болады. Сарапшылар осы тоқсанда пандемия мен экономикалық дағдарыстың шарықтау шегі қатар келеді деген болжам жасап отыр. Өнеркәсіптік өндірістің құлдырауы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі ең төмен деңгейге жетуі мүмкін, - деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев жақын арада әлемнің барлық мемлекеттері бұдан да ауыр сынақтарға тап болатынын және оның бөрі Қазақстанды да айналып өтпейтінін айтты.

– 20 сәуірде мұнай бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейге түсіп кетті. Әлемдік нарықтардың теңгерімі бұзылды. Пандемияның соңы және өндірістің жаппай құлдырауы жаһандық қаржы дағдарысына ұласады деген де болжам бар. Келесі кезең – әлемдік азық-түлік дағдарысы болуы мүмкін. Бұл шиеленістер мен қақтығыстарға әкелуі ықтимал, - деді Елбасы.

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы күрделі кезеңді табысты еңсеруде қазірген бастап қолға алынған іс-шаралар маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Мемлекет басшысы мен Премьер-Министр дағдарысқа қарсы қажетті барлық шешім қабылдады. Елімізде төтенше жағдай жарияланып, карантин ре-

жимі енгізілді. Мен барлық азаматтарды төтенше жағдай кезінде тиісті талаптарды орындауға шақырамын. Тарихымызда мұндай ауыртпалықтар талай рет болған. Бірақ осы жолғы қиындықтың орны бөлек. Әрбір қазақстандық мемлекеттің қамқорлығын сезінуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатырмыз. Сонымен қатар қазір біз алдынала қамдануымыз керек. Әлемнің бұрынғыдай болмасы анық, - деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы мемлекет пен қоғамда болатын өзгерістерге де тоқталды.

– Біріншіден, барлық ел өздерінің экономикалық стратегияларын қайта қарап жатыр. Мұнда өзін-өзі қамтамасыз ету, өзіне тиесілі ресурстарға үміт арту, өндіріс пен қаржылық тізбектің сенімділігі алғашқы орында болады. Екіншіден, жаңа салалық басым бағыттар қалыптасады. Тиімсіз секторлар мүлде жойылып кетеді. Экономикалық өсімнің көшін тың салалар бастайын деп тұр. Олар экономиканы ілгерілетіп, адамдарды жұмыспен қамтиды. Үшіншіден, барлық ауқымды дағдарыстар технологиялық және экономикалық әлемдік тәртіптің циклдік өзгеруімен байланысты. Қазір ескі модельдің күйрегенін көріп отырмыз, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы жаһандық сын-қатерлерді еңсеру үшін Қазақстанда барлық қажетті ресурстар бар екенін атап өтті.

– Өткен жылдары біз шикізатқа тәуелділікті азайту үшін табанды жұмыс істедік. Сондықтан, дамуың барлық негізгі бағыттары бойынша арнайы бағдарламалар әзірленді. Индустрияландыру, шағын және орта бизнесті дамыту, инфрақұрылымдық даму, ауыл шаруашылығы, әлеуметтік бағдарламалар жүзеге асырылды. Оларға үлкен ресурс бөлінді. Біз Ұлттық қорға қомақты қаражат жинадық. Енді дағдарыс кезінде оның елге пайдасы тиіп жатыр. Алайда қордағы қаржы шексіз емес, оны үнемді және ең қиын жағдайда ғана пайдалану керек, - деді Қазақстанның Тұңғыш

Президенті.

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы әлеуметтік-экономикалық дамуда ерекше әдіс-тәсілдерді қолданудың маңыздылығын атап өтті.

– Бірінші кезекте дағдарысқа қарсы кешенді шараларды жүзеге асыруымыз керек. Көрсетіліп жатқан көмектің бизнес пен халыққа жетуі үшін бөлінген әр теңгені қадағалау қажет. Қазірдің өзінде экономиканы қалпына келтіру және дағдарыстан кейінгі кезеңде даму бағдарламасын іске асыруға кіріскен жөн. Экономиканың негізгі салаларының, болашақ экономикасының, қаржы және әлеуметтік саланың, қалалар мен ауылдардың даму бағыттарын анықтап алу маңызды, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Елбасы дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыру үшін барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың тиімді жұмысын қамтамасыз ету қажеттілігіне тоқталды.

– Қазақстанды тиімді корпорация ретінде қарастыратын сөт туды. Ол стратегиялық өрі операциялық нақты жоспарға сәйкес бір-ыңғай орталықтан басқарылуға тиіс. Ауыл өкімінен бастап, Үкімет мүшесіне дейінгі мемлекеттік қызметшінің бөрі өз жұмысын қайта пысықтап, нақты нәтижелерге қол жеткізуі қажет. Елге экономиканы қалпына келтіру, жұмыссыздықты азайту, халықты азық-түлікпен және қажеттінің бөрімен қамтамасыз ету үшін тиімді әрі батыл шешім қабылдай алатын менеджерлер керек, - деді Н.Назарбаев.

Қорытындылай келе, Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы 2020 жылғы дағдарыстан кейінгі еліміздің даму жолын дер кезінде ойластыру бұл қиындықты жеңіп шығуға көмек беріп қана қоймай, бүкіл мемлекет үшін пайдасы тиетіндігін атап өтті.

– Мен барша қазақстандықтарды қабылданған шараларды қолдауға, бірлікке және тәртіпті сақтауға шақырамын. Мұның бөрі халықтың мүддесі үшін жасалып жатыр, - деді Нұрсұлтан Назарбаев.

НҰР-СҰЛТАН

ТОҚАЕВ: КАРАНТИН РЕЖИМІ 11 МАМЫРДА АЯҚТАЛАДЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі төтенше жағдай режимі 11 мамырда аяқталатындығын 27 сәуірде мәлімдеді. Бұл кезеңнің жұртшылыққа оңай тимегендігін айтқан мемлекет басшысы қауіпті вирус Қазақстанда кең жайылып кетпеуі үшін осындай күрделі, бірақ аса қажет шешім қабылдағандығын жазды. Есесіне, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы да, халықаралық сарапшылар да Қазақстанның іс-қимылын оң бағалап отыр. Басты міндет – азаматтарымыздың денсаулығын сақтап, өмірін қорғап қалу. Әлеуметтік және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етіп, халықтың табысын сақтау үшін де арнайы шаралар қабылданды.

Қасым-Жомарт Кемелұлы мәлімдегендей, бүгінгі күні 4 миллион 250 мың азаматқа қаржылай көмек көрсетілген. 570 мыңнан астам адамға азық-түлік таратылды. Жалпы, 1,1 миллионнан астам адамды азық-түлікпен қамтамасыз етуді жоспарда бар. Елбасының бастамасымен құрылған «Біргеміз» қорынан қаржы бөлінді. «Nur Otan» партиясы белсенді жұмыс атқаруда. Сәуір-мамыр айларында 1,6 миллионнан

астам адамға коммуналдық төлем үшін көмек көрсетіледі. Азық-түліктің жетекілікті болуына және оның сапасына қатысты ұдайы мониторинг жүргізілуде. Елімізде азық-түлік тапшылығы жоқ. Жергілікті билік органдары әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын бақылауда ұстап отыр. Мемлекет індетпен күрестің алдыңғы шебінде жүрген дәрігерлерді қаржылай қолдап жатыр.

Денсаулық сақтау министрлігі және әкімдер басқа да медицина қызметкерлеріне көмек көрсету үшін шаралар қабылдауда. 1,6 миллионнан астам адам, 11,5 мың шағын және орта бизнес өкілі несиелерін кейін төлеуге мүмкіндік алды. Бұл жалпы алғанда 360 миллиардтан астам теңгені қамтиды.

«Коронавирус бүкіл әлемді жайлап келеді. Вирус жұқтырғандардың саны 3 миллионға жуықтады. Бұл көрсеткіш өсіп бара жатыр. Пандемияның екінші кезеңі басталып кетуі де ықтимал. Қазақстан індеттің шарықтау шегінен өткен жоқ. Ахуалдың

Ұлы Жеңіске - 75 жыл!

ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР



– Әкеден жалғыз қалып, жасым сексеннен асқанда жабырқап жүрген жоқпын ба?! 1937 жылғы саяси-қуғын сүргіннің, 1941-1945 жылғы соғыстың салған нәубеті санамда әлі күнге жаңғырады. 1937 жылы «Халық жауы» атанып, одан өзінің ақ екенін дәлелдеп соғысқа



мауқымды бассам ғой деп армандап келемін. Әкем тірі оралса, ұл-қыз тарап, артымнан іні сіңілім еріп, жайқалған жапырақтай бір қауым ел болар едік қой, - дейді Ханшайым Жорабекқызы.

Жалғасы 8-ші бетте

аттанған әкем - Жорабек Рысбаевтың артында жалғыз тұяқ қалдым ғой. Әкеме деген сағыныш әлі күнге бойымды кернейді. Жапырағын жайған бәйтерегім, асқар тауымның асыл бейнесін де көрмеймін. 3 айлық шақалақ кезімде, арысым, арқа сүйер қорғаным әкемді «шолақ белсенділер» арыз жазып, түрмеге жапты. Өмір бойы әке құшағына еніп, ісін іскеп, жұмысқа ғой деп армандап келемін.



ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен ҚР Президенті жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның кезекті отырысы өтті.

Карантин жағдайларында өңірлерде шектеу шараларын кеңейтіп жетілдету, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының арасындағы өуе рейстерін қалпына келтіру туралы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шараларына қатысты Премьер-Министрдің орынбасары Е. Тоғжанов, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б. Атамқұлов, денсаулық сақтау министрі Е. Біртанов баяндады.

МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯ КАРАНТИН РЕЖИМІН ЖЕҢІЛДЕТУДІ ҚАРАСТЫРДЫ

Үкімет басшысы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасын іске асыру аясында Мемлекеттік комиссияның бірқатар шешімдерді қабылдағанын атап өтті, - деп хабарлайды primeminister.kz.

1. Барлық өңірлерде 2020 жылғы 27 сәуірден, ал, Шымкент қаласында биылғы 1 мамырдан бастап қатаң санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтаумен жұмысқа кірісетін кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет түрлерінің тізімі бекітілді:

- өнеркәсіптік кәсіпорындар;
- құрылыс және жол құрылысы салаларының компаниялары, ірі құрылыс дүкендері;

• көлік, қоймалау, ауыл шаруашылығы мақсатындағы сервистік, автокөліктерге қызмет көрсету салаларындағы ұйымдар және қызмет көрсету саласының кейбір түрлері;

• банктер мен қаржы секторының ұйымдары. Бұдан өзге, ІІ кезең аясында Нұр-Сұлтан қаласында төмендегілердің жұмысы қайта жанданды:

- қаржы және сақтандыру секторларының ұйымдары;
- электрлік тұрмыстық техника, сонымен қатар саяжай маусымына арналған тауарлар сататын ірі дүкендер.

Алматыда мына салалардағы компаниялар жұмысын қайта бастайды:

- көлік және қоймалау, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар салалары;
- қаржы және сақтандыру секторлары;
- сервистік қызмет көрсету салалары (ТҚС, дөңгелек ауыстыру, тұрмыстық және кеңсе техникаларын жөндеу).

2. Облыстардың, сондай-ақ, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдеріне биылғы 27 сәуірден бастап өңірлік штабтар өзірлеген ережелерге сәйкес аула алаңдары мен саяжай алқаптарының халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету тапсырылды.

3. 2020 жылғы 1 мамырдан бастап Нұр-Сұлтан мен Алматы арасындағы өуе қатынасын қайта жандандыру туралы шешім қабылданды. Бастапқы кезеңде ұшу жиілігі күніне 4 рейсті құрайды. Рейстер күшейтілген санитарлық талаптарды сақтап, аз жолаушылармен және салонда ерекше қауіпсіздікті сақтау арқылы жүзеге асырылады.

«Әкімдерге қоғамдық орындарды, өнеркәсіптік аумақтарды, өуежайлар мен балалардың ауладағы ойын алаңдарын сапалы түрде санитарлық өңдеуге, жалпы, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтап, оған бақылау орнатуға ерекше көңіл бөлуді тапсырамын», - деді А. Мамин.

Сонымен қатар, отырысқа қатысушылар қазақстандықтарды шет елдерден елге жеткізу, ХҚКО-лар жұмысының жаңа форматын енгізу және т. б. мәселелерді қарастырды.

НҰР-СҰЛТАН

ЭЛ-ФАРАБИ АУДАНЫНДА 100 БАЛАЛАР АЛАҢДАШАСЫ САЛЫНЫП ЖАТЫР

30 жылдан ауласында балалар алаңшасы болмаған Шымкент қаласындағы көпқабатты үйлердің аулаларына балалар алаңшасын салу қолға алынды.

Тіпті, есік алдындағы аяқ бүгіп отыратын орындарда да қирап кеткен. Енді міне есіктің алды жайнап тұр. Бұлдіршіндер тұрмақ қариялардың қуанышында шек жоқ. Айтар алғысымыз шексіз, деді қала әкімімен жүздескен «Қарасу» шағынаудандағы көпқабатты тұрғын үйдің төрайымы Людмила Розанова.

Эл-Фараби ауданының аумағында салынып жатқан балалар алаңшасының құрылысымен танысқан қала әкімі Мұрат Әйтенов сапаға айрықша мән беруді тапсырды. Мердігер компанияның өкілдеріне тұрғындардың үйінде отырған сәтін ұтымды пайдаланып, құрылысты уақтылы

әрі сапалы аяқтауды жүктеді.

Бір қуанарлығы, құрылысқа қажетті заттардың барлығы - отандық. Тіпті, ойын алаңшасына төселетін резеңке төсеніштің өзі Шымкентте жасалады екен.

Эл-Фараби ауданындағы 672 көпқабатты тұрғын үй алдында 400 аула бар. Оның басым бөлігіне балалар алаңшасы салынған. 161-іне қажеттілік туындаған.

Осыған орай, мемлекеттік және жекеменшік әріптестік аясында биыл аудан бойынша 100 балалар алаңшасы салынууда. Қалғанының құжаттары қаралууда. Бұған қоса спорт алаңшалары да жөнделмек.

Аудан әкімі Рабит Мәуленкуловтың айтуынша, ауданда 15 ғұлзар мен алғаш салу жұмысы да қарқынды жүріп жатыр.


Сапар барысында қала әкімі А.Асқаров көшесіндегі 9-үйдің қазіргі ахуалымен танысты.



Тұрғындар өтінішіне құлақ асқан Мұрат Әйтенов сараптама жүргізіп, қажеттілік болса, күрделі

жөндеу жұмыстарын жүргізуді жауаптыларға жүктеді.

ШЫМКЕНТ.



29.04.1954
Ұлықбек Есдәулет,
Қазақстан Жазушылар Одағының төрағасы,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері.

30.04.1978
Мұрат Төлебаев,
Түркістан облыстық мәслихатының депутаты,
«Nur Otan» Партиясы Түркістан облыстық филиалының фракция төрағасы, «Атамекен» корпорациясының директоры

01.05.1963
Бауыржан Жақытов,
«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС бас директоры, ф.ғ.д., профессор.

01.05.1961
Секен Тұрысбек,
күйші, сазгер.

01.05.1958
Төлеген Дөрменбаев,
Бәйдібек ауданы, Мыңбұлақ ауылдық округінің әкімі.

02.05.1956
Сәтбай Жұмабаев,
Отставкадағы полиция полковнигі

03.05.1953
Нұрлан Жылқышиев,
қоғам қайраткері

04.05.1977
Абдрахман Тасыбаев,
Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік акционер басқармасының басшысы.

04.05.1977
Акментай Есбаев,
Келес ауданының әкімі

Күрметті туылған күн иелері!
Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шыны жүрекпен құттықтайды!

ПРЕЗИДЕНТ ЖУРНАЛИСТЕР ҚАУЫМЫНА АЛҒЫС АЙТТЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Бұл – біз бастан өткеріп жатқан күрделі кезеңнің талабы. Заңға сәйкес 11 мамырда Төтенше жағдай режимі аяқталады. Әрине, эпидемия қайта өршіп кетпесе ғана режим тоқтайды. Ахуал күрделенсе қоймайды деп үміттенемін.

Елімізді пандемияның шегінен кейінгі кезеңге дайындау үшін бізге ортақ міндет. Мен үшін әр азаматтың өмірінен қымбат ештеңе жоқ.

Сонымен қатар, Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекеттік комиссия карантин талаптарын жеңілдетуге дайын.

Алдыңмен, вирустың таралуын қатаң бақылауда ұстап отырған облыстар мен қалалардан бастауға болады.

Мемлекеттік комиссияға елорданың үлгісімен еліміздің барлық аймағында өз жұмыстарына кірісетін мекемелердің тізімін жасау тапсырылды.

Бірінші кезекте өнеркәсіп кәсіпорындары, құрылыс, жол құрылысы және көлік компаниялары, банктер және халыққа қызмет көрсету орталықтары жұмысқа кірісуі керек.

Бірақ, барлық санитарлық нормаларды сақтап, жұмыс орындарында үнемі дезинфекция жүргізіп тұру қажет. Күнделікті өмірде әлеуметтік ара қашықтықты ұстанған жөн.

Кәсіпорын басшыларына және жергілікті атқару органдарына жеке жауапкершілік жүктеледі. Бұл орайда барлық деңгейдегі әкімдіктердің рөлі айтарлықтай артады.

Үкімет келесі айда да табысынан айырылған азаматтарға 42500 теңге көлемінде көмек береді.

Қайтадан өтінім жіберудің қажеті жоқ. Төлем бұрын ұсынылған құжат бойынша жүзеге асырылады.

Мұқтаж отбасылар азық-түлік ала береді, - дейді мемлекет басшысы.

Мамыр айындағы мереке-лерді үйде атап өтуге тура келетіндігін Президент жасырған жоқ. Бірақ, Желіс күнінде Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің бірде-біреуі елеусіз қалмайды. Бөріне лайықты құрмет көрсетілді. Әкімдер соғыс және тыл ардагерлеріне материалдық көмек береді.

Ал, Денсаулық сақтау министрлігі ауруды тест арқылы анықтау жұмысын барынша күшейтуге тиіс. Оны халықаралық стандартқа сәйкес тәулігіне кем дегенде 20-25 мыңға дейін жеткізу қажет.

Осыған орай, Үкіметке қысқа мерзім ішінде отандық тест-жүйесінің өндірісін қолға алуды тапсырды.

«Біз иммунобиологиялық препараттарды әзірлеу үшін қолда бар мүмкіндіктерімізді толық пайдалануымыз керек. Вакцина қолжетімді болған кезде Қазақстан шетелдің дәрі-дәрмегін күтіп отырмауы қажет. Дағдарыстан кейін де біз медицинаны дамытуға баса

мән береміз.

Бұл салаға мемлекет тарапынан ауқымды қолдау көрсетілді.

Үкімет Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы жаңа кодекс жобасына осы саланы жетілдіретін нақты ұсыныстар енгізуге тиіс.

Парламент бұл кодексті сессияның соңына дейін қабылдайды деп ойлаймын.

Біз қазірден бастап дағдарыстан кейінгі кезеңге дайындалуымыз керек.

Бұл жөнінде Елбасы Қауіпсіздік Кеңесінің 24 сәуірде өткен отырысында нақты айтты» - дейді Тоқаев.

Үкімет пен Ұлттық банк 11 мамырға дейін Экономикалық дамуды қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспарды дайындайды.

Онда дағдарыстан зардап шеккен салаларға қолдау көрсету шаралары қамтылады.

Осы ретте, ел Президенті Халықтың қауіпсіздігі үшін жанкештілік танытып жүрген дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне, құқық қорғау органдарының өкілдеріне және ескери қызметшілерге алғыс айтты.

Қауіп-қатерге қарамай мұқтаж жандарға көмек қолын созған волонтерлерге де ризашылық білдірді.

Сондай-ақ, халыққа жедел және шынайы ақпарат тартып жүрген журналистер қауымына алғыс айтты.

Айта кетейік, Шымкент қаласында карантин режимі енгізілгенде «Айғақ» Телеаудиокомпаниясының бас директоры, Түркістан облыстық мәслихаттың депутаты Дулат Әбіштің басшылығымен ұжымымыз халыққа ақпараттық насихат жүргізуді тоқтатқан жоқ. Қызметкерлердің қауіпсіздігі қатаң сақталып, көп алдында жаңалықтарды уақытында жариялап отырдық. Шымкент қаласының әкімдігі де бұқара алдындағы міндеттерді бұғып қалмай, жылдам мәлімет беріп отырғандығын айтуымыз керек. Өз кезегінде 19 сәуірден бастап Түркістан облысында да карантин режимі енгізілді. Бұл мезетте, облыс орталығынан ақпараттарды дәл уақытында жеткізіп отырған әріптестеріміз телеарна мен сайт арқылы қауіпсіздік мәселесін назардан тыс жіберген жоқ. Осы ретте, журналистер қауымының еңбегін бағалап, алғыс айта келе мемлекет басшысына шынайы ризашылығымызды білдіреміз.

Дағдарысқа қарсы шараларды жүзеге асыруға атсалысқан мемлекеттік аппараттың қызметкерлері де құрметке лайық екендігін мәлімдеген мемлекет басшысы, Қазақстан халықаралық қоғамдастықтан еш нәрсені жасырмай, барлық мәліметті ашық жариялағандығын жеткізді.

Сондықтан, кейбір азаматтарды бос сөз бен жалған мәліметке жол бермеуге шақырды. **Салтанат Тойболова**



Адамзаттың денсаулығын сақтау мәселесінің рухани құндылықтарды сақтаудағы және қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі алатын орны ерекше. Мың жылдықтар бойында денсаулық сақтау, әрбір халықтың өз идеялары, дәстүрлері, әлеуметтік үстемдіктеріне байланысты түрліше шешіліп отыр. Халық денсаулығының жай-күйі қоғамның әлеуметтік бағдарлылығының, мемлекеттің өз азаматтарының алдындағы жауапкершілік дәрежесін сипаттайтын әлеуметтік кеңістіктерінің көрсеткіші болып табылады.

Тәуелсіздіктің бастапқы жылдарында «алдымен экономика, кейіннен саясат» қағидасын ұстанған мемлекетіміз, адамзат үшін сын - індет мерзімінде өз халқының денсаулығын сақтау мәселесін экономикадан да, саясаттан да жоғары тұратындығын мызғымас қағидат ретінде ұстанып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елдегі коронавирус жағдайына байланысты енгізілген карантин шараларына қатысты мәлімдемесінде, «қазіргідей күрделі кезде әрбір азамат біздің назарымызда болады. Мемлекет ешкімді қиындыққа қалдырмайды», деп айтқанындай. Карантин жарияланған кезеңнен бастап, 4 миллион 250 мың азаматқа қаржылай көмек көрсетіліп, 70 мыңнан астам адамға азық-түлік таратылуы, коммуналдық төлемдерді, несенің төлеу бойынша шаралар арқылы, Қазақстан Республикасы үшін әрбір адамның денсаулығын сақтау - ел тіршілігінің толық-қанды бағасын көрсетіп, оның мүмкіндіктерінің өлеуетін анықтайтын факторға айна-

БЕРЕКЕ БАСЫ - БІРЛІКТЕ!

лып отырғандығының көрінісі.

Президенттің «Елімізді пандемияның шегінен кутқару – бөрімізге ортақ міндет. Мен үшін әр азаматтың өмірінен қымбат ештеңе жоқ», деп жариялауынан, әрбір қазақстандыққа деген қамқорлық, жауапкершілік мемлекетіміз үшін еш уақытта да күн тәртібінен түспейтіндігін сезінеміз. Бұл біз үшін өте маңызды.

Президент, «Елімізде азық-түлік тапшылығы жоқ екендігін» атап өтті. Қазіргі таңдағы азық-түліктің жеткілікті болуы, яғни нарықты сапалы азық-түлік тауарларымен толықтырылуы, экономикалық қол жетімділік, яғни халықтың сатып алу мүмкіндігінің ескерілуі – азық-түлік мәселесін табысты шешудегі еліміздің жетістіктерінің бірі, елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі бағыты.

Сонымен қатар, «Қазақстан халықаралық қоғамдастықтан еш нәрсені жасырмай, барлық мәліметті ашық жариялап отыр». Ресми билік тарапынан дер кезінде шынайы ақпараттарды халыққа жедел түрде жеткізілуде. Дегенмен, карантин жағдайындағы халықтың эмоциялық жай-күйіне айла-шарғы жасап отырған түрлі бағыттағы топтар мен мүдделердің конгломераты байқалады. Оларды қазіргі таңда біріктіріп отырған мәселе – билікті сынау және саяси жаңғыру жолындағы реформаларды жоққа шығару. Сондықтан, Президент, бос сөз бен жалған мәліметке жол бермеуге шақырып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің кешеп тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа - эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді», деп айтқанындай. Карантин жарияланған кезеңнен бастап, 4 миллион 250 мың азаматқа қаржылай көмек көрсетіліп, 70 мыңнан астам адамға азық-түлік таратылуы, коммуналдық төлемдерді, несенің төлеу бойынша шаралар арқылы, Қазақстан Республикасы үшін әрбір адамның денсаулығын сақтау - ел тіршілігінің толық-қанды бағасын көрсетіп, оның мүмкіндіктерінің өлеуетін анықтайтын факторға айна-

лып отырғандығының көрінісі. Президенттің «Елімізді пандемияның шегінен кутқару – бөрімізге ортақ міндет. Мен үшін әр азаматтың өмірінен қымбат ештеңе жоқ», деп жариялауынан, әрбір қазақстандыққа деген қамқорлық, жауапкершілік мемлекетіміз үшін еш уақытта да күн тәртібінен түспейтіндігін сезінеміз. Бұл біз үшін өте маңызды.

Президент, «Елімізде азық-түлік тапшылығы жоқ екендігін» атап өтті. Қазіргі таңдағы азық-түліктің жеткілікті болуы, яғни нарықты сапалы азық-түлік тауарларымен толықтырылуы, экономикалық қол жетімділік, яғни халықтың сатып алу мүмкіндігінің ескерілуі – азық-түлік мәселесін табысты шешудегі еліміздің жетістіктерінің бірі, елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі бағыты.

Сонымен қатар, «Қазақстан халықаралық қоғамдастықтан еш нәрсені жасырмай, барлық мәліметті ашық жариялап отыр». Ресми билік тарапынан дер кезінде шынайы ақпараттарды халыққа жедел түрде жеткізілуде. Дегенмен, карантин жағдайындағы халықтың эмоциялық жай-күйіне айла-шарғы жасап отырған түрлі бағыттағы топтар мен мүдделердің конгломераты байқалады. Оларды қазіргі таңда біріктіріп отырған мәселе – билікті сынау және саяси жаңғыру жолындағы реформаларды жоққа шығару. Сондықтан, Президент, бос сөз бен жалған мәліметке жол бермеуге шақырып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің кешеп тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа - эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді», деп айтқанындай. Карантин жарияланған кезеңнен бастап, 4 миллион 250 мың азаматқа қаржылай көмек көрсетіліп, 70 мыңнан астам адамға азық-түлік таратылуы, коммуналдық төлемдерді, несенің төлеу бойынша шаралар арқылы, Қазақстан Республикасы үшін әрбір адамның денсаулығын сақтау - ел тіршілігінің толық-қанды бағасын көрсетіп, оның мүмкіндіктерінің өлеуетін анықтайтын факторға айна-

лып отырғандығының көрінісі. Президенттің «Елімізді пандемияның шегінен кутқару – бөрімізге ортақ міндет. Мен үшін әр азаматтың өмірінен қымбат ештеңе жоқ», деп жариялауынан, әрбір қазақстандыққа деген қамқорлық, жауапкершілік мемлекетіміз үшін еш уақытта да күн тәртібінен түспейтіндігін сезінеміз. Бұл біз үшін өте маңызды.

Президент, «Елімізде азық-түлік тапшылығы жоқ екендігін» атап өтті. Қазіргі таңдағы азық-түліктің жеткілікті болуы, яғни нарықты сапалы азық-түлік тауарларымен толықтырылуы, экономикалық қол жетімділік, яғни халықтың сатып алу мүмкіндігінің ескерілуі – азық-түлік мәселесін табысты шешудегі еліміздің жетістіктерінің бірі, елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі бағыты.

Сонымен қатар, «Қазақстан халықаралық қоғамдастықтан еш нәрсені жасырмай, барлық мәліметті ашық жариялап отыр». Ресми билік тарапынан дер кезінде шынайы ақпараттарды халыққа жедел түрде жеткізілуде. Дегенмен, карантин жағдайындағы халықтың эмоциялық жай-күйіне айла-шарғы жасап отырған түрлі бағыттағы топтар мен мүдделердің конгломераты байқалады. Оларды қазіргі таңда біріктіріп отырған мәселе – билікті сынау және саяси жаңғыру жолындағы реформаларды жоққа шығару. Сондықтан, Президент, бос сөз бен жалған мәліметке жол бермеуге шақырып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің кешеп тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа - эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді», деп айтқанындай. Карантин жарияланған кезеңнен бастап, 4 миллион 250 мың азаматқа қаржылай көмек көрсетіліп, 70 мыңнан астам адамға азық-түлік таратылуы, коммуналдық төлемдерді, несенің төлеу бойынша шаралар арқылы, Қазақстан Республикасы үшін әрбір адамның денсаулығын сақтау - ел тіршілігінің толық-қанды бағасын көрсетіп, оның мүмкіндіктерінің өлеуетін анықтайтын факторға айна-

лып отырғандығының көрінісі. Президенттің «Елімізді пандемияның шегінен кутқару – бөрімізге ортақ міндет. Мен үшін әр азаматтың өмірінен қымбат ештеңе жоқ», деп жариялауынан, әрбір қазақстандыққа деген қамқорлық, жауапкершілік мемлекетіміз үшін еш уақытта да күн тәртібінен түспейтіндігін сезінеміз. Бұл біз үшін өте маңызды.

Президент, «Елімізде азық-түлік тапшылығы жоқ екендігін» атап өтті. Қазіргі таңдағы азық-түліктің жеткілікті болуы, яғни нарықты сапалы азық-түлік тауарларымен толықтырылуы, экономикалық қол жетімділік, яғни халықтың сатып алу мүмкіндігінің ескерілуі – азық-түлік мәселесін табысты шешудегі еліміздің жетістіктерінің бірі, елдің әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің негізгі бағыты.

Сонымен қатар, «Қазақстан халықаралық қоғамдастықтан еш нәрсені жасырмай, барлық мәліметті ашық жариялап отыр». Ресми билік тарапынан дер кезінде шынайы ақпараттарды халыққа жедел түрде жеткізілуде. Дегенмен, карантин жағдайындағы халықтың эмоциялық жай-күйіне айла-шарғы жасап отырған түрлі бағыттағы топтар мен мүдделердің конгломераты байқалады. Оларды қазіргі таңда біріктіріп отырған мәселе – билікті сынау және саяси жаңғыру жолындағы реформаларды жоққа шығару. Сондықтан, Президент, бос сөз бен жалған мәліметке жол бермеуге шақырып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Біздің кешеп тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа - эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді», деп айтқанындай. Карантин жариялан

ҚАДАМЫ - ҚҰТ, ДАМУЫ - НЫҚ ҚАЛА

Шымкент - еліміздің үшінші мегаполисі, халқы тығыз шоғырланған демографиялық көрсеткіші жоғары қала. Бүгінде тұрғындарының жұмыс жа-сауы мен өмір сүруі үшін қолайлы, туристерді, жүк ағымын, инновациялық бизнесті және жеке капиталды тарту орталығы болып табылады. Тұ-рақсыз экономикалық жағдайға қарамастан мега-полис бизнес-бастамалар үшін келешегі мол ин-вестициялық алаң болып қала береді.

Климаты жағынан ыңғайлы, халқы қонақжай Шымкент қаласы пайда болғалы бері елі-міз үшін саяси-экономикалық, мәдени орталығы болып келе-ді. Тұрғындардың тығыз шо-ғырлануы нәтижесінде өрке-ниет ордасы еліміздің үшінші ірі орталығы, яғни мегапо-лисіне айналды. Миллионды қала атануына дейін-ақ, мұнда әлемдегі алдыңғы қатарлы қалалардағы жетістіктер біртін-деп жүзеге аса бастаған-ды. Со-ның бірі Ақылды қала атануына жоспарланған жұмыстардың таныстырылымы. Нақтырақ айтатын болсақ, 2015 жылы елордада «Smart City» тұжы-рымдамасы таныстырылған болатын. Концепция денсаулық сақтау саласының қызметте-рінен бастап, көлік тұрағын реттеу жайы сынды қала хал-қының барлық мәселелеріне дейін қамтыған болатын. Сол жолғы таныстырылған жобада тоғыз бағыт қамтылған. Олар – денсаулық сақтау мен білім, көлік – көлік тұрағы және қоғамдық көлік, тұрғын үй-ком-муналды шаруашылығы – кө-шені жарықтандыру, бірыңғай төлем құжатын ендіру және аталған салада дұрыс шешім қабылдауды үйрену, қауіпсіздік – қала бойынша бейнебақылау орнату, Шымкент қалалық әкімдігінің қызмет көрсету са-пасын арттыратын зияткерлік байланыс орталығы сияқты бағдарлар. Жобаны әзірлеуші-лердің айтуынша, Шымкентке «SMART-технологияны» ен-дірудің артықшылығы сол, ол кезде шаһар жұртшылығының өмір сүру сапасы арта түседі. Сонымен қатар, жергілікті бюд-жеттік шығындар азайып, сөй-кесінше, кіріс көлемі ұлғаятын болады деп мәлімделген бола-тын. Жалпы «Ақылды қала» (Smart City) тұжырымдамасын іске асыру жаңа үрдістің бірі болып табылады. Қала басқа-руына ақпараттық технология-ларды қолдану, Smart техно-логиясын енгізу Шымкент қаласының басты сипаттамасы болып табылады.

Жобаның мақсаты - өмір қауіп-сіздігі мен сапасын арттыру, инфрақұрылымдар мен ин-вестициялық тартымдылықты арттыру, көлік және экология-лық мәселелерді шешу, энергия мен суды қолдану тиімділігін, коммуналдық қызметтер және ақпараттық -коммуникация-лық технологияларды қызмет көрсетуге пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады. «Ақылды қалаларды» жүзеге асырудың тиімділігі мен зама-науилығы әлемде іске асып жат-қан мысалдармен расталады. Лондонда қоғамдық көліктің

кешігіуі 40 %-ға қысқартылды, жол сымдылығы 15 % артты, зиянды заттардың ауаға тара-луы 25% қысқартылды. Жылууды пайдалану 25% қысқартылды, көшені жарықтандыру шығыны 40%, электр және жылу үшін орташа есеппен 20 %-ға, ал, ЖКО саны 20% қысқартылды.

Денсаулық сақтау бағытында Шымкент қаласында соңғы жылдары серпінді жобалар жүзеге асты. Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында немесе шетелдерде ғана қол жеткізетін күрделі оталар, тиісті ем-дом-дардың бірқатары бүгінде дәл осы Шымкентте қолжетімді болды. Соңғы үлгідегі медици-налық құрал-жабдықтар мен білікті дәрігерлер көптеген мұқ-таж жандарға өздерінің көмек-терін беріп жүр. Оның бір дәлелі трансплантациялық оталар.

Қалалық биліктің күш-жігері пациенттер үшін кері байланыс тетіктерін (электрондық пор-тал, колл-орталықтар, сенім телефондары) енгізу жолымен медициналық қызметтердің сапасын бақылауға бағытталды. Барлық емдеу үдерістерін стан-дарттаудың негізінде басқару жүйесі жаңғыртылды.

Ана өлімінің және босанды-руға көмек көрсетудің барлық нуалардың ерекше жағдайларын алдын алуды дамыту қолға алынады. Экстрагениталды па-тологиясы бар жүкті әйелдерді ерте кезеңнен қамту және дис-пансерлік бақылау қамтамасыз етілді.

Сапалы білім беру жүйесі қолға қойылау. Шымкент қаласында балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейін әлем-дік стандартқа сай білім алуға мүмкіндік жоғары.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында дуальды жүйені енгізу жалғасуда. Еліміз-де орын алған төтенше жағдай кезінде Шымкент қаласының барлық оқушылар мен студент-тері онлайн жүйеде білім алуға дайын екендіктерін көрсетті. Яғни, бұл да өз кезегінде білім саласындағы қажырлы еңбек бар екендігін тағы бір дәлелдеп отыр.

Сондай-ақ, баланың жеке тұлға ретінде жан-жақты да-муы үшін қосымша білім беру жүйесі дамытылуда. Бұл үшін спорт секцияларының, пәндік, музыкалық және шығармашы-лық үйірмелердің, аула клуб-тарының, робототехника орта-лықтарының санын арттыру жоспарланып отыр.

Инклюзивтік білім беруді дамыту шеңбері негізінде де соңғы жылдары бірқатар ау-қымды жұмыстар жасалды. Со-ның бірі дамуында ерекшелік-



тері бар балаларды оқыту үшін теңдей мүмкіндіктер жасауға бағытталады. Ал ашықтық, қол жетімділік және халық алдында есен беру білім беру жүйесі жұ-мысының басты бағыттарының біріне айналды.

Сапалы әлеуметтік қызмет-тер, оның ішінде халықтың осал топтары үшін сапалы әлеу-меттік қызметтер көрсетілсе, жұмыссыздық деңгейін төмен-дету мақсатында арнайы ша-ралар қабылданды. Жұмыспен қамтылу деңгейін арттыру үшін күш-жігер жұмыссыздарды еңбек нарығында барынша сұранысқа ие кәсіптер бойынша қайта даярлау және біліктілігін арттыруға бағытталуда.

Сондай-ақ қала іргесіндегі индустриалды инновациялық орталықтардағы өнеркәсіптер-дің дамуы шаһардың экономи-касына айтарлықтай үлес қосу-мен қатар тұрғындардың жұ-мыспен қамтылуына бірден-бір себепкер болып отыр. Еліміздің өзге аймақтарындағыдай Пре-зидент Жолдауындағы тапсыр-маларды жүзеге асыру мақса-тында қалада да шағын және орта бизнес иелеріне қаржылай көмектер көрсетілуде. Өріне, бұл өз кезегінде жаңа кәсіп-орындардың пайда болуына өкеліп соғуда. Ал болашақта тартылған инвестициялардың есебінен жекеменшік индус-триялық аймақтарды дамыту жоспарланып отыр.

Азық-түлік секторын дамыту және қаланың азық-түлік қауіп-сіздігін қамтамасыз ету үшін азық-түлік белдеуін, ауылша-руашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі өндірістер жөнісін және сауда-логистика орталықтарын дамыту да жолға қойылған.

Сауда-саттықта сауда инфра-құрылымын дамытуға, базар-ларды жайлы етуге қойылатын талаптар қатаңдатылып, жа-байы сауда қатарлар бүгінде біртіндеп мәдениетті сауда орындарға айналуда.

Қаладағы қонақтарды хабар-ландыру мен туристерге ыңғай-лы болу деңгейін жақсарту бо-йынша (сайттарды дамыту, ақ-параттық орталықтар қаргасын құру, нысандарда QR-кодтарын

рімен біріктіру арқылы, яғни оқушыларға мектеп асханала-рында көлік қартасымен төлеу мүмкіндігі берілмек. Ол мек-тептерге кассалық аппараттар тегін беріледі. Қаламызда қа-рантин енгізілуіне байланысты, тиісті жабдықтарды жеткізу жұмыстары кешіктірілуде. Де-генмен, бұл мәселе таяу уақытта толық шешімін табады, - деді М. Исахов.

Қазіргі таңда жеткізушіге төлемақының 50% төленген. Жабдықтарды жеткізу ағымда-ғы жылдың 1 мамырынан бас-талады. Ал, 1 маусымнан бастап жоба толық іске қосылмақ.

Айта кетсек, қоғамдық кө-ліктерге электрондық билет жүйесін енгізу бойынша қажетті мәліметтерді қала тұрғында-рының назарына жеткізу мақ-сатында тиісті іс-шаралар әзір-ленуде. Бұл ретте арнайы PR акциялар өткізілмек, сондай-ақ жарнамалық бейнероликтер мен буклеттер дайындалып, оған еріктілер (волонтер) жұ-мылдырылады.

Көлік - экономиканың қалыпты жұмыс істеуінің негізі екенін ескерсек мегаполисте жаңа теміржол вокзалы салы-нады деп жоспарланып, өуе-жайдың жаңа терминалының іргетасы қаланды. Бүгінде ха-лықаралық өуежай терминалы аумағында топырақты тегістесу, сейсмикалық плита орнату жұмыстары аяқталды.

Сондай-ақ ғимараттың қаңқасы мен бағаналарын орнату жұмыстары жүргізілуде. Жаңа жолаушылар терминалының ауданы - 35 000 шаршы метр, өткізу қабілеті сағатына 2 000 жолаушы, телескопиялық 4 трап. Құрылыс жұмыстарын аяқтау 2020 жылдың соңына жоспарланған.

Сонымен қатар, жобада 495 автокөлік сыйымдылығы бар көлік тұрағын абаттандыру жұ-мыстары қаралған. Ал, естеріңізде болса 2018 жылы Шымкент қаласында бе-малыс уақытында (жолаушы-лар ағыны ең төмен кезінде) іске қосылмақ. Бүгінгі таңда, жүйені енгізу үшін 24 көлік компаниясымен шарт жасалды, қазір автобустарға кабель мен сымдарын орнату жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, жеке көлік карталарын шы-ғару үшін, қоғамдық көлікте тегін жүретін әлеуметтік санат-тарға жататын азаматтар, жо-ғары оқу орындарында оқитын студенттер, мектеп және орта арнаулы оқу орындарындағы оқушылар туралы деректер жи-нақталуда, - деді қала әкімінің орынбасары.

Мақсұт Пернебайұлының мәлімдеуінше, электрондық төлем жүйесінің артықшылығы көп, яғни жолаушылар көлік картасымен, SMS, QR-код, смартфонды (NFC) қолдана отырып, жол жүру ақысын тө-лей алады. Ал, тарифті белгілеу мәселесіне келсек, бұл ретте көлік карталары арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде қазіргі қолданатын тарифпен төлейді, ал қолма-қол ақшамен төлеу кезінде тариф жоғары болақ.

- Бұдан бөлек, аталған жүйені медицина, білім беру жүйеле-рімен біріктіру арқылы, яғни оқушыларға мектеп асханала-рында көлік қартасымен төлеу мүмкіндігі берілмек. Ол мек-тептерге кассалық аппараттар тегін беріледі. Қаламызда қа-рантин енгізілуіне байланысты, тиісті жабдықтарды жеткізу жұмыстары кешіктірілуде. Де-генмен, бұл мәселе таяу уақытта толық шешімін табады, - деді М. Исахов.

Қазіргі таңда жеткізушіге төлемақының 50% төленген.

Тұрар Рысқұлов ауылын бетке алып шыққан көлік Түлкібас ауданының шекарасына жақындағаннан-ақ ашық тұрған терезеден таудың қоңыр самалы есті... Жан-жағыма тамсана қарап келе-мін. «Қандай сұлу табиғат десеңізші!» Осыдан біраз жыл бұрын Балықшы ауы-лына келерде жоғарыдан ылдига қарай «ыңырана» төмен түсіп келе жатқан жеңіл автокөлікте отырып, қорыққаным бар...

Осы жолмен күн сайын қаншама кө-лік жүріп өтеді. Қақаған қыста сөл-пөл қиындау, былай үйреніп қалғанбыз. Дегенмен, көліктегілердің жүрексінетінін жасыра алмаймын, - деді жүргізуші жігіт біздегі қобалжуларды байқап қалып, -мен бұл жолды күніне кемінде екі рет жүріп өтемін.

Күлімсірегенінен «Тәжірибем бар» дегенді аңғарып, көңілім жайланған-ды. Өткенді ойлап кеткен екенмін, жол жиегінен «Балықшы ауылы» деген жа-зуды оқып, таңдана соңыма қарадым.

-Біз перевалдан өтіп кеттік пе!? Дауысым қаттырақ шығып кетсе керек, қасымдағы жолаушы өйел:

-Перевал! Жол жөңделгелі қашан? Қазір жақсы болып қалды. Өсіресе, жер тайғақ, жол мұздақ болғанда, жанымыз-ды шүберекке түйіп отыратынбыз.

Жолдың жөңделгеніне қуандым. Шынында да, бүгінде жол мәселесі мық-тап қолға алынған, бұл-халықтың қамы үшін атқарылып жатқан игі істер.

Тұрар Рысқұлов ауылы да көркейіп, көріктеніп кеттігі. Қызыға қарауға тұрар-лық ғимараттар мен мұндайды.

«Өпке, міне, «Ақсу Жабағылы» шипа-жайы... деген жүргізуші көліктен затта-рымызды түсіріп жатыр. Жан-жағыма қарасам, сан түрлі ағаш-тар жапырағын жайып, астында қою кө-ленке салтанат құрған...Көусар таза ауа жанымды жадыратты. Жоғары қарасам, шайдай ашық аспан, алысқа көз жүгір-сем, биік тау қол бұлғайды. Қызыға қа-рап тұрып қалғанымды байқамадым... Жүргізуші:

«Өпке, жақсы дем алып, ем алып қайты-ңыз,-деп көлігіне беттеді. «Иманды жан екен»-дедім шұеі.

Қаланың у-шұынан бір сөт алыстау-дың реті келіп тұр-ау. Жасы желекпен көмкерілген шипажай ауласына кірген-нен, тынысым кеңейіп сала берді. Қандай таза ауа! Біз аңсаған, біз күткен таза ауа...

Шипажайдың тыныс-тіршілігі - өзге-ше бір өлем. Дайын ас, дайын төсек. Ем алудың ретін қалыптастыру қиын екен... Алғашқы күні ем алатын уақыттарымды қолымдағы кіп-кішкентай қартішкесіне жаздырып, бір-екі емді алып үлгердік.

Келесі күні бөрі реттелді. Қолымыз-дағы шипажай карточкасына қарап, жүгіру басталды... Балшық жақтырып, ваннаға түсе, азекеріт-парафин қабыл-ау, су асты омыртқа созу, қол массаж, физио-терапия емдері, тұзды шахта... Түскі асқа өрен үлгеретін кез де болып жатты...

Даяшылар - сараман. Емнен шығып, кешігіңкіресең, асыңызды өкеліп өлек. Риза боласыз.

Қырқүйек айының екінші жартысы болғандықтан, демалыс аймағындағы жаңғақ ағаштарының өнімі топылдап тү-сіп жатқан сөт... Демалып, емделушілер ертемен сонда келіп, жерге түскен өнім-дерді теріп алып, орындықтарда отырып, шағып, жеп отырады...

Жасы жетіптен асқан қария қолын-дағы таяпқен түскен жапырақтарды әрі-бері ашып жаңғақ теріп жүр. Журналист болған соң жаңғақ теріп жүрген ата жаққа жиі-жиі қарағыштап қояймын...Маған қызық көрініп тұр...

Қайта-қайта қарағанымды аңғарды ма, өлде ақыл-кеңес айтқысы келді ме, бізге бері жақындандар деген белгі берді.

«Сендер түскен жаңғақты табу өдісін білмейді екенсіңдер. Мен сияқты таяқ тауып алып, қалың жапырақтарды ары-ба-ры қозғап, астына «жасырынған» жаң-ғақтарды табуға болады. Міне, былай... Шынында да, атамның қимылы ширақ. Құлды, майдан даласында миға іздеп жатқандай...

Өзін «Жүніс аталарың боламын» деген қария еңбекпен тапқан өнімін бізге мейіріммен ұсынып жатыр.

Шымкенттен барған біз үшін Ақсу-Жа-бағылының ауасы салқындау болды... Кешке жылы киініп шықпасаңыз, көдім-



Туризмi тарттып тұр

гідей тоңасыз.

-Тау бөктерінде орналасқандықтан, ауа райы салқындай. Біз үйреніп кеткен-біз. Өсіресе, кешкі мәдени шараларды ұйымдастыру кезінде тоңу дегенді біл-мейміз. Бүгін кешкі астан кейін өн-би кеші болады. Демалушылардың ішінде белсенділері баршылық. Ол - біздің олжа... Олай дейтінім, белсенді жандар салауатты өмірге ұмтылған ем алушы-лардың арасында серпіліс туғызды,- деді фито-терапия бөлімінің менгерушісі және мәдени шараларды ұйымдастыру-шы Сарбиназ Кыдырәлиева.

Кеш қызақты басталды. Тамылжыта салынған өн тау бөктеріндегі демалыс орнын нұрландырып жіберді. Бірінен соң бірі ортаға шығып, өнер көрсетіп жатқан емделушілердің өмірге құштарлықтары қуантты.

Кезек орыс халқының өкілі Белицкая Татьяна Павловнаға келгенде, отырған-дар ду қол шапалақтады. Бұл құрмет-тің себебін кейін білдім. Шырайлы Шымқаладан келген Татьяна Павловна Абайдың «Айттым, сөлем Қаламасын» мемлекеттік тілде тамылжыта шырқай-тынымен танымал болып үлгеріпті.

Татьяна Павловна көпшіліктің сурауы-мен Абайдың «Айттым, сөлем Қалам-қасын» орындады. Содан соң, «Земля Казахстана» өнін орысша-қазақша ара-ластыра шырқай жөнелгенде, түрі басқа болса да тілегі бір, жүзі басқа болғаны-мен жүрегі бір жерлесіміңн кең байтақ Қазақстан туралы өңді тебірене орында-ғаны сонша, жанарынан мөлдір тамшылар төгіліп тұрды. Менің де жанарыма жас үйіріліп тұрған еді...

Осы кезде көпшіліктің ішінен ақ жау-лықты өже шығып, ізгі тілегін білдірді. Қолындағы үш-төрт ақ орамалдың бірін Татьяна Павловнаның иығына жапты. Жарасып кетті! Содан соң, өнер көрсеткен басқа да емделуші әйелдердің иығына жауып, ризашылық танытты.

Бұл - 1941 жылы соғыс өрті бүрк еткен жылы дүние есігін ашқан Өтеміс ауылы-ның тұрғыны, көп жылдар бойы мектепте жастарға сапалы білім, саналы тәрбие берген, бүгінде құрметті демалыстағы ана – Анар Байзақова екен.

Татьяна Павловнамен тілдесудің сөті түсті. Алдымен, мемлекеттік тілде Абай атамыздың өнін көпшілік алдында орын-дағаны үшін алғысымды білдірдім.

-Мен Шымкент қаласының тұрғыны-мын. Осында туып-өстім. Шымкент-менің қалам! Қазақстан-менің Отаным! Қазақ елінің қонақжайлылығы, кең-пейілділігі, бауырмалдылығы маған қатты ұнайды.

Оқуды бітірген соң жолдамалар Бар-науылда үш жыл еңбек еттім. Ата-ба-бамның жерін де көрейін дедім... Сонда Қазақстанды қатты сағандым! Жиі-жиі теміржол станциясына баратынмын... Ондағы мақсатым - қазақстандықтарды кездестіру болатын... Үш жыл өрөң шыда-дым. Уақыт жеткенде бір күн де қалмай, Шымкентке қайт ұштым гой.

Өмірлік серігім о дүниелік болған. Қа-зір 4 процентім, 9 немерем, 3 шөберем

шалаумен бірге, неше түрлі аң-құстарды көруге болады»-деп ой түйдім де, қыр-қүйекте берілетін жолдаманы таңдадым. Сөйтсем, шипажай мен қорықтың аты бірдей болғанымен, екеуі екі басқа дүние екен... Дегенмен, дем алуға да, ем алуға да ыңғайлы мекен табиғат сұлулығымен баурап әкетті.

Шипажайға келгеніме өкінбедім. Демалушылармен бірге шипажайдың қақпасынан шыға берісте, жолдың арғы бетіндегі бие сауып, нәпақа табатын отбасымен таныстым. Айнұр есімді жас келіншек бірнеше бие сауып, саумал ішетіндердің басын біріктіреді екен... Тек тізімге ертерек жазылып, кезек алып қоймасаның, таңғы, кешкі саумалдан құр қалуыңыз мүмкін... Таңғы бес жарымда оянып, Айнұрдың үйіне бет аламын. Онда бір-бірімен өңгімелесіп, кезек кү-тіп отырғандар бар. Шелек толы бие сүтін алып, бізге қарай беттеген келін-



бар. Бөрі Қазақстанда туылған. «Корен-ной» қазақстандық!

Мен Қазақстанды жақсы көремін!»

Татьяна Павловна Белицкая осылай дегенде жүзі жарқырап тұрды. Ол кісінің туған жерге деген махаббатына төңті болдым.

Ақсу-Жабағылы – тип-тынық, тыныш жерге орналасқан шипажай. Сарбиназ Кыдырәлиеваның ұйымдастыруымен емделушілер өз еріктерімен Түлкібас-тың, Түркістан облысының көрікті және мәдени ескерткіштеріне әр кезеңде саях-ат-зиярат жасап қайтуға мүмкіндіктері бар екен. Олардың қатарында Түркіс-тандағы әл-Фараби кесенесі, Арыстан бап, Домалақ ана, Ақмешіт, Ибрагим ата, Қарашаш ана, Райып-ерен Қырық шілтен, Аиша бибі-Қарақан кесенелері, Ақсу-Жабағылы қорығы, Елтай ауылын-дағы «Қырық өулие» бастаулары мен бұлақтар, «Киелі үңгір», Сталатиттік үңгірлері бар.

Ал, көгілдір көктемде емделуге келген-дерді «Қызыл тау» деп аталатын грейт қызғалдақтардан кілем жайғандай та-маша көрініс қарсы алады екен!

- Қып-қызыл қызғалдақтар көздің жауын алған көктем-табиғаттың нағыз сұлу келбетін паш етеді. Егер, Сіздің қолыңызда сөуір-мамыр айларында Ақсу-Жабағылы шипажайына жолдама тисе, қуана беріңіз! Онда Сіз де қып-қызыл кілемді көріп, таң-тамаша қалар едіңіз,- деді денсаулығына қатысты осында үшінші рет келген жас келіншек күлім-сіреп тұрып. «Алла бұйырғас» - дедім. Осы кезде өз-өзімнен күлімсіредім. Есі-ме бір сөт аңғал шешім қабылдағаным түсіп кетті.

Шипажайға жолдама алып тұрғанда жадыраған жаз айы еді.

-Келесі аптаға жолдама бар. Ол – «Біркөлік» шипажайы. Ал, егер «Ақсу-Жабағылы» шипажайына баратын болса-ңыз, қырқүйек айы тиімді, таңдау-Сізде. «Ақсу-Жабағылы» дегенді естігенде, көз алдыма Түлкібас ауданындағы жер жөннаты - «Ақсу-Жабағылы» қорығы елестеп кетті. «Қорықтың іші болса мық-ты гой! Онда табиғат сұлулығын тама-

шекке риза көңілмен қарап отырмын... Амаң келген қарапайым келіншектің еңбексүйгіштігіне, отағасының еңбегін жандырып, бие сауып жүргеніне сүйсін-дім. «Ауылда тұрамыз, жұмыс жоқ» деп отыратын ағайындар үшін бұл өнегелі іс деп ойладым. Демалушылардың «Ақсу-Жабағылы» шипажайында ем алумен бірге, ата-бабамыздан келе жатқан саумалмен емделуді қатар қабылдау-ларына мүмкіндік болып тұрғаны қандай жақсы!

«Ақсу-Жабағылының» болашағына көз жүгірттім. Шипажай 2006 жылы іргетасын қалаған екен. Демалыс айма-ғында бір мезгілде 300 адам демалып, ем қабылдай алады. Люкс бөлмелер жанға жайлы. Ғимараттың бірінші және екінші қабаты - кафе-ресторан, мұнда емделушілер үш мезгіл тамақта-нады. Аулада үлкендер мен балаларға арналған бассейн, жаздық кафе-рес-торанның құрылысы жүріп жатыр. Емделушілердің талғамына сай келетін жайлы жатын коттеждер де пайдалануға берілмек.

Шипажайдағы 10 күн зуылдап өте шы-қты. Шымкентке қайтар кезде табиғаты шырайлы, жері шүйгін, жасыл желегі көздің жауын алатын Түлкібас ауданы Балықшы ауылында қалып бара жатқан «Ақсу-Жабағылы» шипажайына қимай қарап, жолға шықтық.

Біздің Қазақстанда, оның ішінде Түр-кістан облысында жанға жайлы, кеусар ауасымен тамсандыратын мекендердің көптігі көңіліме қуаныш ұялатты. Ши-пажайда бөрі «окей» деуден аулақпын, бірақ, табиғаттың таңғажайып көрінісі-мен ұштасқанда, деніңе қуат, ханыңа шуақ шашатыны анық. Бір мезгіл өз жерімізде демалып, ем қабылдауға мүм-кіндік берген Аллаға шүкір. Осындайда «Туған елім - тірегім!» -деп жар салғым келеді...

Шаһаризада ДӨНЕЕВА.

Түлкібас ауданы, Рысқұлов ауылы.

Ұлы Даланың дүниежүзілік тұлғасы - Әбу Насыр әл - Фараби

(1150 жылдығына арналады)

Тарихымыздағы ұлы тұлғалардың бірі, ислам дүниесінің ең ірі, атағы өлемге жайылған ғұлама философ – әл-Фараби (870-950 жж.).

Шл-Фарабидің түркі тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты-жөнінде. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Фараб қаласында дүниеге келді. Әл-Фарабидің толық аты-жөні Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби, яғни әкесі Ұзлағ, аргы атасы Тархан. Туған жері – қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба - Фараб деп атап кеткен. Осыдан барып ол - Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабатан шыққан Әбу Насыр атанған.

Әбу Насыр жас кезінде білім іздеп, сол замандағы мәдени әлемнің көптеген орталықтары - Хорасанда, Бағдатта, Дамаскіде /Шам/, Алеппада, Каирда /Мысыр/ болған. Өз өмірінің көп жылдарын ол араб халифатының саяси және мәдени орталығы болған Бағдатта өткізді. Ал, өмірінің ақырғы жылдарын Дамаскіде өткізіп, 80 жасында қайтыс болады.

Батыста «Араб философы» деген құрметті атаққа ие болған. Әл-Киндидің философиялық көзқарастарын әрі-қарай дамытып, Аристотельдің еңбектерін араб тілінде аударып, оған көлемді түсініктер жасап және өзінің ерекше философиядағы ойларымен тарихта қалып, философия тарихында “Екінші ұстаз”У атағын алған әл-Фараби болды.

Әл-Фарабиді араб философы деп толықтынан бағалауға болады. Өйткені ол, араб рухынан нәр алып, өз еңбектерін сол тілде жазған. Сонымен қатар, оны қазақ халқының философы деп те атауға болады, себебі, ол біздің елде дүниеге келіп, соңынан қазақ халқын құраған көп түрлік тайпаларының біреуінен шыққан. Біздің сол кезде өмір сүрген бабаларымыздың дүние-сезімі мен дүниетанымын бойына жас кезінде сіңірген.

Бірақ, ең жақсысы - оған Шығыс философиясының жұлдызы, тіпті Дүниежүзілік философияның ең ірі тұлғаларының бірі деген баға берсек, ол дұрыс болар .

Әл-Фарабидің философиялық еңбектері көп. Мәселен, әл-Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш.Штейншнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А.Атеш 160, ал, төжік ғалымы Б.Рафуров 200 трактат деп көрсетеді. Солардың ішінен «Ғалымдардың шығуы», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Музыканың үлкен кітабы», «Азаматтық саясат», «Ақылдың мәні туралы», «Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жөнінде» деген еңбектерін атап өтуге болады.

Әл-Фараби өзінің «Бақытқа жол сілтеу» деген еңбегінде: “Тірі адамның бақыты, өлгеннен кейінгі түсініксіз бақыттан

артық екенін көрсетеді. Адам бақытқа көптеген қиындықтарға тап болып, жақсы мен жамандықты түсіну арқылы жетеді. Адамның жетілуі – мінез-құлықтың жоғарғы дәрежесіне байланысты болады. Ал, көз-деген мақсатқа жету % өзіңе байланысты”, - дейді.

«Азаматтық саясат» деген еңбегінде ол отбасының қоғам өмірінің бастауы болу мәнін түсіндіреді. Феодалдық қоғамдағы саясат пен мораль мәселелеріне және әлеуметтік қайшылықтарға теориялық тұрғыда түсінік береді.

«Музыканың үлкен кітабы» («Китаб әл музык аль кабар») еңбегінде ол дыбыстың тарау табиғатын, резонанс қозғалысын математикалық әдістерді қолданып, алғаш рет нотаның нұқсасын жасалды. Сол кездегі түркілердің музыкалық аспабы тоғыз ішекті домбыраның құрылысын сипаттады.

«Ақыл туралы» деген еңбегінде ақылдың күдіретіне сенеді, адам ақылы жаратушының бір көрінісі деп қудайды жоққа шығармайды, ал, ғылым ақылдың нәтижесі екенін көрсетеді. Ғылымды теориялық, практикалық деп екіге бөледі. Теориялық логика, жаратылыстану, метафизика; практикалық этика, саясат.

Қоғамның қажеттілігі әл-Фараби адамның жалғыз өзі өзіне керектерінің бәрін жасай алмайтындығынан, екінші жағынан, басқаларсыз өзің жетілдіре алмайтындығынан шығарады.

Сондықтан, адамдар бірігіп, өзара бір-біріне көмектесіп, қажетті заттармен бөлісіп өмір сүрген.

Қоғамды әл-Фараби толық және толық емес қылып екіге бөледі.

Бүкіл жер бетіндегі, қоғамдық дәрежеде ұйымдасқан адамзат - ол белгілі халықтың өмірі, кіші - ол белгілі бір жерде орналасқан кешен - қала, ауыл-сондағы тұратын адамдар.

Ал, толық емес қоғамға келер болсақ, ол белгілі бір ауылда, я болмаса қаланың бір көшесінде тұратын адамдар. Олар өздеріне жеткіліксіз. Сондықтан, оларды толық емес деп атайды.

Әсіресе, оқырманның назарын әл-Фарабидің мына ойына аударғын келеді. “Ұлы игілік - ең биік жетістіктерге ең алдымен қала жетеді, ал, ауылды алатын болсақ, оның негізгі қажеттілігі - оның тек қаланы қамтамасыз етуінде. Әл-Фарабидің өмірден кеткеніне 1000 жылдан артық уақыт өтсе де, қазақ халқына бүл ой осы уақытқа дейін өзекті мәселе болып жатыр. Бүгінгі өте қиын дағдырысты ахуалда, қазақ халқы аянышты ауыр жағдайда урбанизация процесіне қаты- нып, қалалық халыққа айналуды

да. Тек қалалық халық қоғамның әлеуметтік-саяси өміріне белсенді қатысып, өзінің мүдделері үшін тиімді күресе алады.

Әл-Фараби қалалардың өзін екіге бөледі. Олар: игілікке бағытталған қала мен надандар қаласы.

Игілікке бағытталған қалада адамдар бір-біріне көмектесіп, бақытқа жетуге тырысады. Ол қала кемеліне келген адамның денесіне ұқсайды. Онда барлық дене мүшелері бір-бірімен тығыз үйлесімді байланыста, олар әр-түрлі өздерінің табиғаты мен қабілеті бойынша өмір сүреді. Сол сияқты қаладағы адамдар да әр-түрлі болса да, қала басшысына бағынып бір-бірімен келісіп іс-әрекет жасап өмір сүрулері керек.

Надан қала игілікке бағыт ұстаған қалаға қарсы тұр. Ол адамгершілігі жоқ, айырбастау қаласы, адасқан қала.

Надан қаланың адамдары ешқашанда бақытты білмеген. Сондықтан, олар оған ұмтылмайды да, оған сенбейді де. Олардың ойынша, өмірдің мақсаты - денсаулық, байлық, рахатқа бату, ерікті түрде құмартуға берілу, даңқ пен ұлықты армандау. Осылардың әрбіреуінің өз осы қаланың тұрғандарына бақыт болып көрінеді. Ал, айтылғандардың бөрі қосылса, онда одан асқан бақыт болмайды деп ойлайды.

Әл-Фараби надан қаланың түрлеріне тоқтайды. Бүгінгі таңда біз де өлі өзіміздің даму бағытымызды, жалпы ұрандар болмаса, айқын анықтаған жоқпыз. Сондықтан, ойшылдың мініздемелеріне тоқтай кетелік, мүмкін оқырман одан өзіне дөріс алып, ойға қалар.

Қажеттіліктің қаласында адамдар өмірге ең негізгі керек заттарды өндіру үшін бір-біріне көмектеседі.

Айырбастау қаласында тұрғандардың бөрі де байлыққа жету үшін бір-біріне көмектеседі. Ол - сол қаланың негізгі мақсаты, басқа мақсаттарға жету жолындағы құрал емес.

Құлдыраған бақытсыз қалада адамдар тек тамақ табуда, ішуде, жыныстық қатынаста тек қана ой өрісіне көтерілмей, сезімдік ләззат алуға тырысады.

Бақұмар қаладағы адамдар бір-біріне көмектесіп өздерін басқалардың алдында керемет етіп көрсеткісі келеді. Біздің (бүгінгі таңдағы кейбіреулердің) “жаманмызды жасырайық, жақсымызды асырайық деп жүргендері бұл қалаға жақын келеді оларда “ауруын жасырған - әлде деген нақыл сөзді айтқымыз келеді.

Билікті сүйгіш қаладағы адамдар басқаларға жоғарыдан қарап, оларды тәуелді етіп ұстағысы келеді. Оларды тек жеңіс қана қуантады.

Адамгершілігі жоқ қаланың тұрғындары игіліктің не екенін жақсы біле-тұра, өздерінің іс-әрекеттерінде басқаша істейді.

Құбылмалы қаланың адамдары бұрын игілікке бағытталған болатын, ал, соңынан басқа құндылықтар өмір жолына түсіп кеткен.

Адасқан қаланың адамдары бақытты өмір о дүниеге барғанда болады. Бірақ, кейін келе олардың көзқарасы Құдайға да, шын өмірге де өзгеріп бузылады.

Қоғам өмірінің дамуы, әл-Фараби ойынша, негізінен Ел басында басқарып отырған адамның қасиеттерімен байланысты болғаннан кейін, ойшыл оның қандай болуы керектігіне аса зор назар аударған.

Ғұлама, ойшыл ондай адамның 12 қасиеті болу керек дейді. Соңында олардың бәрін 6 тұлғалық қасиеттерге екіліп тірейді. Енді соларға назар аударарлық.

Біріншіден ол - даналық дәрежеге жетуі керек, яғни барлық істі ақыл-ой елегінен өткізіп, халықтың тарихи тәжірибесін, әдет-ғұрыптарына, адамгершілік түсініктеріне сай келтіруі керек;

Екіншіден, ол - білімді адам болу керек, өзінің есінде өткен тарихтағы заңдар, әдет-ғұрып нормалары мен ережелерін жақсы білуі керек;

Үшіншіден, әрқашанда тапқырлық көрсету керек, өйткені, өмір үне бойы өзгерісте, олай болса елдің алдында бұрын-соңды болмаған жаңа ахуал пайда болып, бұрынғы басқару тәсілдерінің бәрін, жоққа шығаруы мүмкін. Сондай жағдайда өмірге жаңаша қарап шығармашылық тұрғысынан жаңа шешімдерге жету қажет;

Төртіншіден, аңғарғыш, көреген болу қажет. Ел басшысы - тек бүгінгі күнді ғана ойлап қоймай, болашақ ұрпақтардың өмірі қандай болмақ; негізгі мақсат - халықтың әл-ауқатын өсіру - оны естен шығармау керек;

Бесіншіден, өзінің сөзімен және іс-әрекетімен халықты елдің заңдарын бұлжытпай орындауға бағыттау болмақ; Алтыншыдан, Ел басының денсаулығы, дене күші жақсы болуы керек; ол оған соғыс жүргізген кезде әсіресе қажет болады;

Әл-Фараби ел басшылығына лайықты, осы көрсетілген қасиеттердің бөрі бойында бар тұлғанын сирек кездесетінін атап өтеді. Сондықтан, бұл қасиеттер екі тұлғада жиналса, онда олар бірігіп басқарсын дейді. Ал, екі адамның бойынан табылмай, 4-5 адамнан табылса, олар бірге қосылып басшылық жасауы керек.

Сонымен қатар, ел басына керек негізгі қасиет, ол - даналық.



1150 JYL

Егер белгілі бір уақытта елдің басшылығында даналық болмай қалса, онда елдің бірінші басшысы тіпті болмай-ақ қойсын, ондай қалаға қауып төнеді, деп ескертеді, ұлы ойшыл.

Біздің бүгінгі өтпелі қоғамдағы қиындықтарды жеңу үшін өкімет басындағы саяси элитаның биік дәрежеде болуы қажетті нәрсе.

Оларды әл-Фараби қалдырған өсиеттерін салыстырсақ, онда жетістіктерімізді және кемшіліктерімізді көруімізге болады. Біздің саяси элита аз уақыттың шеңберінде дүниеде жиналған қоғамды жаңарту жөніндегі білімді тез игеріп жатыр. Тапқырлық көрсетіп, шет елдерден экономикаға инвестициялар (қаражат) тартып жатыр; көрегендіктен де кем емеспіз - қандай қиындықтарды басымыздан өткізіп жатсақ та, қазақ елі 2030 жылға қарай қандай дәрежеге көтерілу керек - оны да ойлыстырып қойдық; дүниежүзілік заң шығару дәрежесіне сай етіп біршама заңдарды да туындардық; саяси элитаға талантты жастарды тартып жатырмыз.

Соған қарамастан, жеткен нәтижелер аздау. Оның негізгі себептерінің бірі - даналықтың жетіспеуі. Жалғыз технократизм (білім билігі), нақтылы жағдайды, тарихи тәжірибені ескермейтін, арысз саясаткерлыққа өкеліп, әл-Фараби айтқан надан қалаға жеткізуі мүмкін. Сондықтан, саяси элитаға интеллектуалдық топтардың дәрежесін көтеріп, саяси шешімдерді солардың сараптауын өткізіп отыруы қажет қой деп ойлаймыз.

Міне, осыдан он ғасыр жыл бұрын өмір сүрген бабамыз әл-Фараби даналығы - оның қалдырған терең ойларының бүгінгі біздің өмірімізге сай келіп, алдымыздағы қиын мәселелердің шешімін табуға көмектесіп жатқандығы болса керек. Жалпы алғанда, кен тұрде, философия тарихы осы жағынан алғанда, ешқашан, қандай кене заманда пайда болса да ескірмейді, ондағы жиналған ойлар біздің шабытымызды оятып, жаңа көзқарастардың дүниеге келуіне, олардың өткен тарихпен сабақтастығының тереңдеуіне әсерін тигізеді.

Әбдіжашар

ТҰРАШБЕКОВ,

Философия ғылымдарының кандидаты, ОҚМПУ доценті.

Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, өлшеулі ілімді ғана пайда-сыз ұзақ талқылаулармен, ғылыми зерттеулермен үйретемін деп күнін өткізіп, тіршілік дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, еш[бір] әрекетке сай болуы, жарамдылығы жоқ болған соң, адам алдауға салынады. Көбінесе, мұндай ессіз[дер]дің насихат кеңесі де әсерсіз болады. Дүниенің абаттандырылғандығы, жайлы жабықталғандығы, мамыражайлылығы бір түрлі ақыл-парасатқа, даналыққа нұр беріп тұратұғын нәрсе.

Жоқшылықтың ақыл иесі адамды жан иесі мақұлық айуанға ұқсатып жіберетұғыны да болады. Барлық бүтін дүниені және ілімін білмей қалушылық – бір үлкен зияндылық, залалы зор надандық, ол Құранда сөгілген, сыңға алынған. Бұқаралық өмірде кім-де-кім өзіне өзгешелік беру ниетімен мал-байлыққа сүйіспеншілігін аударған[дар] – жарық дүние[де], болмаса қайғырымдылыққа қолым қысқа болмасын [деп] және өзім біреуге дәмелі болмайын деп [мал-байлыққа] ынтықтығын аудармай, ізгілікке бола адал көсіппен тапқан дүниедегі игілік емес. Біз ілімді сатып, мал-байлық іздемек емеспіз. Мал-байлықпен ілім алмақпыз, пайда қылмақпыз. Өнер – өзі де байлық, өнерді үйрену – өзі де жақсылық, шапағаттылық. Бірақ, ол өнер әділеттіліктен шықпасын, шариғатқа үйлесетін, мақұлдаушы болсын. Адамға Һәл-қадірінше рақымды, мейірімді болу – қарыз іс. Бірақ, өзгелердің мейірбандылығына, қайғырымдылығына сүйену – дұрыс емес. Молдалар тұра тұрсын, әсіресе, бұл заманның ешендеріне өте сақ болындар. Олар – бүлікші ғалым, бұзық оқымысты, бұлардан зияндылықтан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері шариғат төртбіні таза білмейді, көбі білімсіз, надан болады. Одан асып, өзін-өзі дін жолына (тариқат) лайық біліп және біреуді жеткізбек әрекетін құлудан бір танбайды. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың [жеткізуі] – шынайы емес, бұлар адам азырышылар, тіпті дінге де зияндылығы көп. Бұлардың] сүйенгені – білімсіздер, сөйлегені – ақиқатқа жанаспайды, тым жалған, дәлелдері – теспілері мен сәлделері, одан басқа ешнәрсе жоқ.

Енді біліңіздер, е-е, балалар, әулет ұрпақтар! Бөрінен жоғары Құдайдың жолы деген жол – ең жоғары мәртебелі Алланың өзіндей өлшеусіз, шексіз болады. Оның жоғарғы шегіне ешкім жетпейді. Алайда, сол жолға жүруді өзіне талап қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Жарық дүниеде түпкі мақсат-мұратың өз пайдаң болса, өзің өлшеулісің, ол жол – Құдайдың жолы емес. Өлемнен жиылысын, маған құйылсын, менің отырған орныма ағып келе берсін деген, ол не деген әділеттілік? Сенен не түрлі болса да, не дүниелік игілігіңнен, не ақыл-парасатыңнан, не мал-байлығыңнан әділеттілік, мейірімділік секілді біреулерге жақсылық тігізу мақсат-мұратың болса, ол жол – Құдайдың жолы. Ол – өлшеусіз, шегі жоқ жол. Сол соңы жоқ жолға аяғыңды нық, берік бастың, өлшеусіз Құдайға жақын келуге көл жеткізген болып, ерекше ізгі құлдарының бірінен болу үмітің бар. Өзге жолда не үміт бар?

Кейбіреулердің бар өнері, бар мақсаты киімін түзету, жүріс-тұрысын туралау болады да, мұнысын өзіне бір байлық-дәулет біледі. Бұл істер[інің] бөрі өзін көрсету, өзін [өзі] базарға салып, бір оңтайлы көзіндегі ақымақтарға «бөре-келді» дегізу. «Осындай болар ма едік?» деп біреу[лер] талаптанар, біреу[лер] «осындай бола алмадық» деп күйінер. Бұдан не пайда шықты? Мұнша әуреленіп сыртыңды бір сүйген қауымыңа ұқсатарсың, (алайда) сыртқа қасиет бітпейді. [Бөрінен жоғары] Алла қарайтуғын жүрегіне, боямасыз таза ықыласыңа қасиет бітеді. Бұл айнайды жылтырақшылыққа табынғандардың ой-зердесі, ақылы қаншалықты өсер дейсің? Ақыл-парасаттылық өссе, ол түпсіз терең жақсылықты сүюшілікпен өсер.

Ең жоғары мәртебелі Құдай бүкіл әлемді өте жетік шеберлікпен жаратқан екен және адам баласын өссін-өссін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолындағы адамның талап қылып ізденер боруштығы ісінің алды – ең алғаш досын көбейту. Ол досын көбейтудің табылуы – өзін өзгелерге қолыңнан келгенше достық жағдайында болу. Ең аяғы ешкімге қастық ойламай, жаулық сағынбастық және

Нақ атап айтқанда, бөрінен жоғары Құдай бұл әлемді жаратты, ерінбеді. Ең жоғары мәртебелі Құдай келісіммен, даналықпен өте жетілген бір жолға салып жасады. Сіздердің ісіңізде де бір жақсылықты негіз қылып, арқа сүйерлік шеберлікпен болсын. Және бөрінен жоғары Құдай барлық не жаратты, бір түрлі пайдалы, тасаланып тұрған жасырын сыр, құпиясы бар. Сенің де ісіңнен бір зияндық[тар] шығып кеткендей болмай, көп нәтиже боларлық, пайда тиерлік бір үміті бар іс болсын. Бұларсыз бейнет іс – пайдалы еңбек болмайды. Бұларсыз мінәжат етіп жалбарыну да – (шын мәніндегі) құлшылық ету болмауы мүмкін.

Біліңіздер, ең жоғары мәртебелі Құдай еш[бір] нәрсені мағынасыз жаратпады және ешбір нәрсеге негіздемесіз міндеткерлік қылмады. Бөрінің түпкі сыр-мағынасы, [бөрінің] себеп-салдары бар. Біздің қарапайым қалың көпшілік былай тұра тұрсын, ілім жолына ынтық сүйіспенділігі барларға, парыз себептерін білуге ықылас ыждағаттылығы болуы керек. Сізге әр[бір] іс-амал қылсаңыз, ізгілік деп қыласыз. Ізгілікке [бола] мақсат қылып ниет етесіз, ниет

Абай Құннанбайұлы. АЛЛАҒА СЕНІМДІ БЕКІТУ КІТАБЫ (1905 ЖЫЛ)

өзіне өзгешелік беремін деп өзін тілімен, не болмаса қылығымен [өзін өзі] артық көрсету мақсатынан аулақ болу.

Бұның біріншісі – кімге ниеттес достығың болса, достық жанашырлық – достық тілектестікті шақырады. Екіншісі – қастық қылу, қор тұту, кеміту, олар жаулық шақырады [және] өзі өзін өзгеше тұтамын деудің] түбі – мақтан (болады). Әрбір мақтан – біреуден асамын деген күншілдікті оятады да, күншілдік – көре алмаушылықты қозғайды.

Бұл үш [түрлі] істің жоқтығы адамға, көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады.

Барлық адам баласын қор қылатұғын үш нәрсе бар. Содан қашу керек. Бірінші – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – зальымдық деп білесің. Надандық – білім-ілімнің жоқтығы, дүниеден еш[бір] нәрсені оларсыз біліп болмайды. Білімсіздік – қараңғылықтың, айуандықтың өзі болады. Еріншектік – барлық дүниедегі өнердің жауы. Талапсыздық, жігерсіздік, ұйтсыздық, кедейлік – бөрі осыдан шығарды. Зальымдық – адам баласының қас жауы. Адам баласына жау болса, адамшылықтан бөлінді, бір жыртқыш мақұлық есебіне теңдей болып қосылды.

Бұлардың емі – жаратушысына ынтық сүйіспенділік, жаратылған бүкіл әлемге мейірімділік, ар-намысты, тұрлаулы, әділетті, ісінің алды-артын байқарлық ілім[і білімі болсын], ол ілім [білім]і ғылымға (Мүррейіт Бекіұлының 1910-жылы хатқа түсірген көлжазбасында осы арада «ғылымға» емес, «Хұдаға» деп жазылған-Е.Қ.) уюшы болсын.

– оның парзынан түсінік. Пайғамбарымыз[ы] (ең жоғары мәртебелі Алланың оған жақсылығы мен сәлемі болсын) [қадірлі де шыныыл Һәдісі]: «Іс-амалдар тек қана түпкі ниеттерге байланысты», – деп айтқан. Енді дәрет алуға, намаз оқуға, ораза тұтып ұстауға ниет айттыңыз, бұл құлшылық етулер де анық, шынайы ниетіңізде қалпыңыз дегі төртбіні ұстаушылыққа, гибадат жасауға жетпегендігі кемшілік, олқылық емес пе? Сіздің ішкі дүниеңіздің тазалығы ол болмай, бұл анық, шынайы құлшылық етуіңіз Аллаға сенімді болғаннан соң ғана парыз болған. Сіздің сыртың гибадат жасауыңыздағы құлшылық – ішкі дүниеңіздегі, жүрегіңіздегі иманның көленкесі және сол иманның нұрланып тұруына көрік үшін бұйырылған. Оның үшін ғұлама ғалымдар: «Иман екеу емес, біреу, бірақ ізгі құлшылық етумен нұрланады. Мінәжәт жасау жоқ болса, күңгірттенеді. Бәлкім сөну де қауіп[і] бар», – деген. «Егер білімсіздер, надандар ол құлшылық етудің, мінәжәт жасаудың ішкі сырын ескермей қылса, соны жасап жүріп, иманы сөнер», – деген менің қауіпім бар.

Олар: «Құдайдың бізге бұйырғаны – жеке осы құлшылық ету екен, біз осыны қылсақ, мұсылманшылық толық бол[а]ды» деп ойлайды. Ол құлшылық ету – күзетші еді. Уа, күзетші күзеткен нәрсесінің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұруын мақсат қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат – күзетілген нәрсенің амандығы, [тазалығы] емес пе? Әу, ишара белгілерден хабарсыздар, қара! Бұл құлшылық етудің бір үлкені

– намаз. Ол намаздан әуелі дәрет алу, одан соң [ғана] намазға бастама қылу, кірісу. Ол дәреттің алды – жуынып тазалану (истinja) еді. Мұны бір берік ойлап тұр. Соны – [екі] аяққа сулы қолмен сұртумен (mәсһ) бітүші еді. Бұлар барлығы, болмаса көбі ишара белгілер [еді]. Жуынып тазалануда (истinja)да) құйрығыңызды жуасыз, ол сіздің құйрығыңыздың ешкімге керегі жоқ еді. Онымен сезімді тазалыққа кіргендігіңді, толық ықыласыңды көрсетіп, ішімнің мөлдірлігінің анықтығын соңында жұртшылық көрер, сыртымды да таза жүретін мүлтіксіз етемін және көзге көрінбейтұғын тасаланған ішкі ағза мүшелерімді де мінсіз етемін, бұл тазалығымның үстінде Аллаға дұғатілек етемін деп өзірленесіз.

Енді намаздың аты – салауат. Салауат – дұға-тілек мағынасында деген. Алайда, мойында болған сулы қолмен сұртулер (mәсһ) – ол жуу емес, өздері де жуулы деп көрсеткен ишара белгілері. Намаздан әуелі құлақ қақтыңыз, егер сондайлық ең жоғары мәртебелі Алланы жоғарыда деп тұратын жерін айтақ етпесең де, керексіз созу әлсіз болып, айып теңізіне батып көмілдім, еңдеше, жарық дүниенің көзсіз құмарлығына батырмай, қолымнан тарт, яғни құтыларлық жәрдем бердің ишара белгілері.

Одан соң намазда түрегеліп тұрып, қол бағлау – құл қожайын алдында тұру жоқ-жітіктер патшасы алдында тұрғаннан артық, [бөрінен жоғары] Алланың күдіреттілігіне, барлығын билеп-төстеушілігіне, өз[інің] әлсіздігіне, танып мойындаушылығының беріктігін көрсеткен[ге] ишара белгілері[і].

Ұлы Жеңіске - 75 жыл!



ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

Ханшайым Жорабекқызы, Шолаққорған ауылында туып өскен. Апамыз 40 жыл білім саласында қызмет етіп, «халық ағарту ісінің озық» қызметкері атанған. Бүгінде Шымкент қаласында тұрады. Білімді. Сөзге шешен. Құйма құлақтың өзі. Өткен оқиғаны айы күніне дейін тақылдап айтып береді. Адуынды апамыз, Асқар Сүлейменовпен бір сыныпта оқып, партада қатар отырған. Ол кісі өмірден өткенше аралас-құралас болды. «Асқар, Шымкентке келсе біздің үйге міндетті түрде соғатын. Сосын барып Созаққа кететін. 2018 жылы Түркістан қаласында 80 жылдығы аталып өтті. Бала кезден бірге өскен қимасым ғой. Шақыру қағазы уақтысында келмей, бара алмадым. Ақын Бәтима Батырбекова са-

1937 жылғы қуғын сүргін біздің өулетке ауыр тиді. Ескі көздер біледі, ол кезде біз Нардың қорғанында тұрамыз (Өділет басқармасы ғимаратының маңайы). Үлкен жолдың бойы еді. Созақ ауылынан Жартытөбеге, Баба атаға баратын ел сол жолдан өтетін. Қасымызда Нұржан төренің үйі болатын. Аумағы ат шаптырым Нардың қорғанында 6 жерден үй тігіп, қыс қыстап, жазда бұлақ маңындағы көгалда отыратынбыз. Созақ

өңіріне, Сарысуды жағалап, қазіргі Талас ауданы, Ойық, Ақкөлден үдере көшіп келгенбіз. Үлкен атам ағайынды Нар, Бұрқан бай-бағлан болып, ақ патшаның 1860 жылдың соңындағы реформасы кезінде бас сауғалап, осында келген дейтін, үлкен әжем Айтотым. Нар бабам астына мінген атын баптап, жүгені мен ерін күмістен, тоқымын мәуіті матадан салып мінетін мағзас сұлу, атқамінер кісі болса керек. Ауыл аймаққа сөзі өтетін, сал серілігі де бар, байлығын шашып жүретін мәрт, ер мінезді азамат еді дейтін бала кезімде есікқұлақтар. Өлі есімде, әжем өкемнің інісі Алпысбаймен маған, «мына жерді қаз, мұнда қыздарымның алтын күміс сырғасы көмілген, мына жерде алтын жалатылған леген болатын», - деп отыратын. Атам Рысбайдың бөйбішесі - әжем Айтотым қолынан келмейтіні жоқ, сөзге шешен, іскер, елге сөзі өтімді, қарулы «нағыз Нардың» келіні дейді екен. Көрші қолаң сыйлап, бөрі «Ай апа» атап кеткен. Бірақ етегіне бала тоқтамай, өзі таңдап жүріп, күйеуіне Алтынкүл есімді қызды қосыпты. Одан туған Жорабек, Айтжан, Асылхан, Асқарбек, Алпысбай тарап, Айтотым өкемнің бауырына салған.

Әкем Рысбаев Жорабек көзі ашық, орысша білетін, сауатты жан болған екен. Аудандық банктің меңгерушісі қызметін атқарды. Аршыған жұмыртқадай аппақ, сұлу кісі болса керек. Шымкент қаласына үш айлық оқуға кеткенде, адуынды Айтотым апам, «балам оқудан шаршап келеді. Рысбайдың жылдық асын өзім беремін» - деп, ағайындарын жинап, 1937 жылы үлкен ас береді. Оған ел аралап Құран Қатым түсіріп жүрген шаяндық, Аппақ ишанның ұрпақтары да қатысады. Соны көрген көршілері «бұлар бай-бағланның тұқымы. Кеңес Үкіметіне қарсы. Ишанға қол берді, «халық жауы» деп, арыз жазып, Нардың тұқымынан

асқа қатысқан 10 азаматты соттатады. Оқудан асығып келген Жорабекті құлқын сәріде НКВД қызметкерлері тұтқындап, жазықсыз түрмеге тоғытады. «Әкеме ас берген ағайыннан басым алтын емес. Үкімет ақ қарасын өлі-ақ ажыратады. Құдай қолдап, босап шығармыз» деген өкеме, отала келген «шолақ белсенділер», бесіктегі мені бір іскеуге мұрша бермепті. Артында аңырап анасы, ақ адал жары, нәресте баласы мен қалыптын. «Халық жауы» болып сотталған бір әулеттің тумалары «Беломор Балтық» каналын қазған мыңдаған тұтқынның қатарында болады. Түрмеде орысшаға жетік, өзі пысық Жорабек Рысбаев біраз сотталған адамдарға басшылық жасап, өзге ағайындарына бас көз болып, көп көмегін тигізсе керек. Отан алдында ақ

адал екенін дәлелдеп, соғысқа кетуге сұраныпты. «Аз ғана қалды ғой. Елге аман-есен барайық» деген ағайындарына, «ауылға түрмеден шықты дегеннен, соғыстан келді деген жақсы ғой», - деп КСРО Саяси Бюро мүшесі М. Калининге хат жазып, Отан қорғау жолында майданға аттаныпты.

Өмір бойы өкемді күттім. Жасы 80-ге толғанда тірі болса, осы уақытқа дейін келер еді ғой деп, 1992 жылы ағайын-туыс, көз көргендерді шақырып, үлкен ас бердім. Шаригат жолымен сүйекке түскен азаматтарға жырттыс таратып, ырымын жасадым. Осы беріректе өкемнің інісі Асылхан, өлер алдында мені шақырып: - «Ханшайым, сотталып, артынан соғысқа сұранып кеткен өкемнің артынан «қара қағаз» келіп еді. Өлді деп, үмітіңді үзгім келмеді. Сонша жыл жасырып жүрген мені кеш деп қолыма «қара қағазды» ұстатты», - дейді.

Бала кезім қиын заманмен тұспа-тұс келді. өкемнен хабар ошар жоқ. Десек те, әжем Айтотым мен Алтынкүл жетімдіктің тауқыметін тартқызыбады. Қос өкемнің махаббатына бөленіп, ортасында тербеліп өстім. 1951 жылы Нардың қорғанынан көшіп, «Балтабұлақтың» төменгі жағына қоныстандық. 1954 жылы мектеп бітіріп, Шымкент педагогика институтының математика мамандығына оқуға түстім. 1959 жылы алғашқы түлегі болдым. Игі жақсылармен араластым. Өстім. Өңдім. Ұстаздық еттім. Сексеннің үшіне келсем де, өкеге деген сағыныш бір сәт басылған емес. Жағсам тұрсам, өкемнің бейітін тауып, басына барып, зиярат етіп, Құран оқысам дейтінмін. Қолымда осы уақытқа дейін архивтен ізденіп жүріп, «1937 жылдың 25 желтоқсанында ұсталып, 30 желтоқсан күні сотты болды. 1944 жылдың 12 қаңтар күні қылмыстық құрамның болмауына байланысты ісі тоқтатылды», - деген тілдей қағаз ғана болатын. Құдай қосқан

қосағым Бөкір Нұржанов ұзақ жылдар құқық қорғау органында лауазымды қызмет атқарды. «Тұтас бір әулетті «халық жауы» деп арыз жазып, соттатқан кім екенін анықтап бер» деп қанша сұрасам да, жылы жауып қоя салатын.

Жақында қызым ізденіп жүріп, өкем Жорабектің соғысқан, жерленген зиратын тапты. Соғысқа қатысқаны туралы анықтама қағазында «Қызыл-өскер Рысбаев Жорабек Нарұлы (документте өкесімен, атасының есімдері ауысып көрсетілген) 1944 жылдың қаңтар айында соғысқа аттанды. Ленинград облысы, Салнцев ауданы, госпиталь ХППГ 624, 1944 жылдың 26 сәуірінде қайтыс болды. №2, №13 зират. Соңғы қызмет еткен өскери бөлім 354 зсп. Туған жері, Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Калинин атындағы №7 колхоз. Әйелі Рысбаева Зере», - деп анық көрсетілген. Осы хабарды алғанда, өмір бойы іздеген өкем тіріліп келгендей қуандым. Ес білгелі өкемнің қолымда қалған жалғыз суретіне қарап, зиратына туған жердің топырағын салып, Құран оқимын деген арманым бар еді. Бүкіл әлемді мына бір індет жайылып, ешқайда шығуға мұрша жоқ. Ұлы Отан соғысы ардагерлерін іздеп, игі іс жасап жүрген сыйлас інім, журналист Дулат Әбіш те «апа, өкеңіздің басына апарамын», - дейтін. Сөтін салса, міндетті түрде басына барамын. Құран оқып, өке әруағымен сырласып, мұнымды бір шағамын, - дейді.

1947 жылы түрмеден аман келген өкемнің ағайыны Пәзтай Райымқұлов пен Әти Тоқбергеновтен өкем туралы жиі сұрайтынмын. «Несін айтасың, Ханшайым. Өкең адамның асылы еді ғой. Мейрімді, мәдениетті, сыпайы, іскер болатын. Түрмеде көп адамға шарапаты тиді. Аз ғана қалды ғой, ауылға қайтайық деген бізді тыңдамай, соғысқа сұранды. Осының өзі-ақ, адал азамат екенін білдірмей ме?!», - деп отыратын. Бала кезімде өкеммен сыйлас болған жақсылар, мені алдыларына алып, «жақсыдан қалған жәдігер» деп мейірленетіні өлі есімде. Сұлу, өңді ер кісі көрсем, өкем де осындай болды-ау, деп артынан еріп жүретінмін. Қазір көкейімде осындай естеліктер ғана сайрайды, - дейді.

Журналист, жазушы Мұхамеджан Рүстемовтің Созақ көтерілісі туралы жазған «Созақ қасіреті» атты тарихи кітабы бар. Сонда, 30 жылдардағы оқиғаны суреттеген «Ханшайымның тақсіреті» деген көлемді дүние де жазған.

Ия, бұдан сексен үш жыл бұрын елдің оқыған білімді азаматтарын ажал оғына айдаған репрессия зардабы өлі жойылған жоқ. Биыл 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына 75 жыл толады. Бұл адамзат тарихындағы ең ауыр соғыс болғаны белгілі. Талай отбасының ошағын ойран етті. Оны ұмыту - мүмкін емес. Оған қатысқан сарбазды, тылда аянбай еңбек еткен еңбекшілерді ардақтау әрбір ұрпақ үшін абыройлы міндет болып қала береді.

Ерлан РАЙЫМҚҰЛОВ.

БІЛЕ ЖҮРГЕНІҢІЗ ДҰРЫС

Әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізіліп, өз жұмысын жасауда, әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында мемлекеттің қарауындағы 15 санаттағы азаматтар медициналық көмекке қол жеткізеді.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын сәйкес мемлекет азаматтардың 15 санатына сақтандыру жарнасын аударуда, атап айтсақ:

- 1) балалар;
- 2) жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;
- 3) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;
- 4) бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оны (оларды) тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адам (баланың заңды өкілдерінің бірі);
- 5) жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар;
- 6) мүгедек балаға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар;
- 7) бала кезінен бірінші топтағы мүгедекке күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адам;
- 8) зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері;
- 9) қылмыстық-атқару (пени-тенциарлық) жүйесінің мекемелерінде (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жатқан адамдар;
- 10) тергеу изоляторларындағы адамдар;
- 11) жұмыс істемейтін оралмандар;
- 12) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ І және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;
- 13) мүгедектер;
- 14) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан адамдар;
- 15) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушы жұмыс істемейтіндер.

А.БЕДЕН,

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» АҚ-ның Шымкент қаласы бойынша филиалының бөлім басшысы, «Жас-Ай» медицина орталығы.

Открылось наследство

*** Умер Закиров Алимжан Зундинович. Дата смерти 22.10.2019 г. Всех наследников просим объявиться и обратиться к нотариусу Абдухаликова Н.А. г. Шымкент, ул. Байтурсынова 46. Тел.: 8 702-320-70-00, 8 777-320-70-00